Қоғамдық кеңесте

# КЕЗЕКТІ ОТЫРЫС БОЛЫП ӨТТІ

2024 жылдың 26 маусымында аудан әкімдігінің мәжіліс залында қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

Отырысты Қоғамдық кеңестің төрағасы Ертай Жарылғапұлы ашып, жүргізіп отырды.

Аудандық Қоғамдық кеңес отырысының қарауына мынандай мәселелер ұсынылды:

1. Аудан бойынша эпизоотиялық ахуал және мал басын сауықтыру (емдеу) шараларының барысы туралы;
2. Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімінің елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз етудегі жұмыстары туралы;
3. Ақадыр кенті және Кеншоқы ауылдық округі әкімдерінің халықтың малын бағуды ұйымдастыру жөніндегі атқарып жатқан жұмыстары туралы.

Қоғамдық кеңестің мүшелері күн тәртібін бірауыздан қолдап, бекітті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Шет аудандық ветеринариялық станция басшысы Ж.Түсіпов баяндама жасады.

Бүгінгі күнде аудан елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын аса қауіпті құтыру, сібір жарасы аусыл, қарасан, маңқа, бруцеллез, туберкулез ауруларына қарсы егу, зерттеу жұмыстары жоспарлы түрде орындалуда.

Қарасан ауруына қарсы 24,0 мың бас ірі қара, егілгені 21050 бас (88%), аусыл ауруына ірі қара 105250 бас, орындалысы 79240 (75%), мүйізді ұсақ мал 184100 бас жоспарланып 114660 басы (62%) егілді.

Бүгінгі күнге аудан бойынша қолданыста 13 мал қорымы, оның ішінде 5 тұрпатты (типовой), 8 қарапайым (примитивный). Бұл мал қорымдарының 5-і 2022-2024 жылдар аралығында облыстық бюджетінен бөлінген қаражатқа ағымдағы жөндеуден өтті.

Қорытындылай келе, аудан көлеміндегі эпизоотиялық жағдай тұрақты бақылауда, ветеринариялық іс-шаралар мен мал бастарын таңбалауға қажет загондар мен расколдар жеткілікті.

Екінші мәселе бойынша Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімі Д.Смайылов баяндама жасады.

Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімі аппаратының тарапынан бүгінгі күнде бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Дербісалы көшесінен Ақадыр кентіне шыға беріс 700 метр айналма жолға және М.Жапақов көшесіндегі «Агротехникалық колледжге» барар 300 метр жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт жабындысы төселді.

Сондай-ақ, Абай көшесінің №2-ші көп қабатты тұрғын үйдің қасбеті мен шатырына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Еңбекшіл ауылына «Еңбекшіл құт мекені» атты монумент орнату жоспарда бар.

Сонымен қатар, әр апта сайын «Таза бейсенбі» ұйымдастырылып, барлық мекеме қызметкерлерінің қатысуымен ауылдың сыртқы және ішкі көшелердің жол жиегіндегі топырақтар сыпырылып, талдардың түптері әктелді.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының аясында бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес, «Жасыл аймақ» акциясы негізінде С.Сейфуллин көшесі бойында орналасқан саябаққа 100 дана «Ақ терек» және ауылдың кіреберісіндегі стелланың маңайына 30 дана «Қарағай» ағаш көшеттері отырғызылды.

Бүгінгі күнде Ақсу-Аюлы ауылының маңайындағы сай-сала, өзен маңайларын қоқыстан тазарту үшін, арнайы техникалар жұмылдырылып, әкімдік жұмыскерлері тарапынан тазалық жұмыстары жүргізілді. Осы орайда, ауылдық округ әкімі әлеуметтік желі арқылы ауыл тұрғындарына алдағы уақытта қоқыстарын арнайы полигонға төгуге, табиғатты аялап, туған жеріміздің тазалығын сақтау мақсатында бейне-үндеу жариялаған болатын.

Үшінші мәселе бойынша Ақадыр кенті әкімінің орынбасары М.Айқынбаев баяндама жасады.

Ақадыр кенті округінің аумағы 353 893 га, 83 838 га елді мекендердің жерлері, шаруа қожалықтары мал өсіру шаруашылығы мақсатында пайдаланып отырған жердің жалпы көлемі - 204 769 га, шабындық жер көлемі - 1504 га, елді мекеннің жайылымдық жерінің көлемі - 54016 га жерді құрайды. Кент аумағында мал шаруашылығын әрі қарай дамыту мүмкіндігі бар.

Ақадыр кентінің елді мекен жерінде 4 бағытта мал бағымы ұйымдастырылған.

«Қарағанды облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидалары туралы» Қарағанды облысы мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы №32 шешімі негізінде кентте қараусыз, бағусыз жүрген мал бұрынғы Ақадыр тұтынушылар одағы ғимаратында қоршауға қамалады. Қамалған малдың иелері анықталып, жергілікті полиция қызметкерлеріне хабарланып айыппұл салынады.

Қаралып отырған мәселелер бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері О.Стыбаев, Қ.Мұқашев, Г.Ахметова, О.Сейілбеков пікірлерін ортаға салды. Оның ішінде, мал бастарын таңбалау және мал сою пункттері бойынша өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Сонымен қатар, кеңес құрамының кейбір мүшелеріне Шет аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі куәлігі табысталды.

Қоғамдық кеңестің алдағы отырысының қарауына ұсынылатын мәселелер талқыланды.

Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы аяқталды.

**Аудандық мәслихат.**

Қоғамдық тыңдаулар!

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалы **«Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 433-946 шқ «Жезқазған-Қарағанды». Учаскесі шқ 833-883 (2 іске қосу шқ 851-883) учаскесін қайта жаңарту (құрылыс) жобасы** бойынша орман қоры санаттарының жерлерін көлік санаттарының жерлеріне ауыстыру бойынша қоғамдық тыңдау арқылы өтетін жария талқылаудың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылау **2024 жылдың 04 шілде және 01 тамыз** аралығында Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) өткізіледі.

**Ұйымдастырушы:** «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалы, БИН 130 941 002 991, 8 (7212) 90-02-30, karguad@mail.ru

**Бас жобалаушы:** «Кустанайдорпроект» ЖИ» ЖШС, БИН 920 540 000 623, тел. 8 707-698-72-62, dorproject @ yandex.ru

**Жергілікті атқарушы орган:** «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ БИН 030 540 003 215, 8(7212) 56-41-27, pr.resurs @mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама материалдарымен Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Карагандинский областной филиал АО «НК «ҚазАвтоЖол», уведомляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений по переводу из категорий земель лесного фонда в земли категорий для целей, не связанных с ведением лесного хозяйства по проекту **«Реконструкция (строительство) автомобильной дороги республиканского значения «Кызылорда-Павлодар-Успенка-гр.РФ» участок «Жезказган-Караганды» 433-946 км. Участок км 833-883 (2 пусковой км 851-883)».** Карагандинская область, Шетский район.

Публичные обсуждения в период **с 04 июля по 01 августа 2024 года** на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz).

**Инициатор:** Карагандинский областной филиал АО «НК «ҚазАвтоЖол», БИН 130 941 002 991, 8(7212) 90-02-30, karguad@ mail.ru

**Генеральный проектировщик:** ТОО «ПИ «Кустанайдорпроект», БИН 920 540 000 623, тел. 8 707-698-72-62, dorproject@yandex.ru

**Местный исполнительный орган:** ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинский областной» БИН 030 540 003 215, 8 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) для предоставления замечаний и предложений.

Қоғамдық тыңдаулар!

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ulkenzhol Mining» ЖШС «Алтын және марганец рудаларын барлауға 12.04.2013 жылы берілген № 4203-ҚПҚ келісім шарт бойынша Қарағанды облысындағы барлау Жоспары» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін туралы хабарлайды.

Тыңдаулар 01.08.2024 ж. сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Мойынты к., Таныбай батыр көшесі, 9 үйде орналасқан әкімдік ғимаратында өтеді.

Карантин шаралары күшейтілген жағдайда, бейнеконференция түрінде қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Zoom конференциясына қосылу https://us06web.zoom.us/j/85211538309?pwd=FsUgBj0KeOMFBBNuzg7E7D5vcyGzCp.1

Конференцияның жеке куәлігі: 852 1153 8309 кіру коды: 514654.

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың барлық құжаттамасы интернет ресурста қолжетімді https://ecoportal.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында, сондай-ақ, жоспарланған e-mail қызметіне қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: balzhan.-amirova@yasaiholding.com және тел. +77013064671.

Бастамашы - «Ulkenzhol Mining» ЖШС, БСН 120540003274, облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Н.Назарбаев д., 4-ш д., 4-ші құрылыс

Жобаны әзірлеуші «Асанов Д.А.» ЖК ЖСН 870512301041, Өскемен қаласы, Карбышев к., 40-163, тел: +77771485339, e-mail: assanovd87@mail.ru.

Сұрақтар мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі көрсетілген ақпараттар бойынша қабылдайды: тел. 8 (7212) 56-81-66, электрондық пошта: expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарағанды қ., Лободы к., 20 мекенжайында.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Ulkenzhol Mining» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по материалам заявки на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «План разведки по контракту № 4203-ТПИ от 12.04.2013 года на разведку марганцевых руд и золота в Карагандинской области».

Слушания состоятся:

01.08.2024 г. в 15.00 ч. по адресу: здание Аппарата акима поселка Мойынты Шетского района Карагандинской области, Шетский район, пос. Мойынты, ул.Таныбай батыра, 9.

В случае усиления карантинных мер, общественные слушания будут проводиться в форме видеоконференцсвязи. Подключиться к конференции Zoom https://us06web.zoom.us/j/85211538309?pwd=FsUgBj0KeOMFBBNuzg7E7D5vcyGzCp.1

Идентификатор конференции: 852 1153 8309 Код доступа: 514654

Вся документация доступна на интернет ресурсе https://ecoportal.kz в разделе «Общественные слушания» и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», а также можно запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com и по тел. +77013064671

Инициатор: ТОО «Ulkenzhol Mining» БИН 120540003274, Карагандинская область,

г. Караганда, район им. Казыбек би, пр. Н.Назарбаева, строение 4.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru и г. Караганда, ул. Лободы, 20. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

Разработчик проекта: ИП «Асанов Д.А.» ИИН 870512301041, г. Усть-Каменогорск, ул. Карбышева, 40-163, тел: +77771485339, e-mail: assanovd87@mail.ru.

Shet shugýlasy
Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Газеттің құрылтайшысы және меншік иесі М.Д.САДУАҚАСОВ

**Редакция мекен-жайы:** Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. **Газет** аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1405 дана. **Газеттің** басылу сапасына "Арко" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
**Газет** редакцияда теріліп, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.
**Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРКО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Директор-редактор
**Мейрам Дәулетбекұлы**

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы,** жауапты хатшы тел. 50-9-03
**Қалижан Беккожин,** Ақадыр өңірі бойынша тілші тел: 87713139973, 87786148293
**Бухгалтерия** тел. 79-0-81

**Газет** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.